

Қазақ тілі мен әдебиеті
Бір дұрыс жауабы бар тапсырма

1. Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасының басты кейіпкері

- A) Рахымжан Қошқарбаев
- B) Баубек Бұлқышев
- C) Бауыржан Момышұлы
- D) Қасым Қайсенов
- E) Абдолла Жұмағалиев

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма

2. Себеп-салдар салаласқа тән жалғаулық шылаулар

- A) сондықтан, сол себепті
- B) мынау, сонша, сол
- C) соншалық, сондай
- D) және, да, де, әрі
- E) бірақ, алайда, дегенмен
- F) немесе, әйтпесе
- G) өйткені, себебі, неге десеңіз
- H) әйтсе де, сөйтсе де

Мәнмәтіндік тапсырма

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш.

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрайды:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көрмеймісің?
- Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

- Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа балашағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай-тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек, - деді.

1. Жедел өткен шақтағы етістік

- A) Көремін, өрмек тоқып жүр.
- B) Сонда атасы айтты.
- C) Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

- D) Анау құмырсқаны көрмеймісің?
- E) Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ.

2. *Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет.*

Сөйлемнің түрі

- A) көп бағыныңқылы
- B) жай сөйлем
- C) шартты бағыныңқылы
- D) көп басыңқы салалас
- E) мезгіл бағыныңқылы

3. Тұйық етістіктің септелген түрі

- A) әдеттенуге
- B) қуанғаннан
- C) тістеп
- D) қайтып барады
- E) жүгіріп

4. Демеулік шылау

- A) сондықтан
- B) туралы
- C) бірақ
- D) көрмеймісің
- E) және

5. Аралас құрмалас сөйлем

- A) Сені де құдай-тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек, - деді.
- B) Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет.
- C) Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр.
- D) Өрмекші, маса шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге.
- E) Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ.